



ШЕШІМ
23.11.2023

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ
99/13-VIII

№ _____

город Астана

**Астана қаласы әкімінің елорданың
әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы
есебі**

Астана қаласының әкімі Ж.М. Қасымбектің есебін тындап және талқылап, Астана қаласының мәслихаты атқарушы органдардың елорданың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған міндеттерді іске асыру жөніндегі дәйекті жұмысын атап өтеді.

Елорданың бірқатар негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері бойынша оң динамика байқалады.

Бірінші жартыжылдықта жалпы өңірлік өнімнің өсуі 104,1%-ды құрады.

Елорда экономикасына салынған инвестиция көлемі 3,1% өсіммен 1,1 трлн. теңгені құрады. Тікелей шетелдік инвестициялар 79% - ға өсіп, 793,7 миллион АҚШ долларын құрады.

18 мың жұмыс орнын құрумен жалпы сомасы 2,1 трлн. теңге болатын 221 инвестициялық жобалар пулы бар.

Ағымдағы жылы 1,7 мың жұмыс орнын құрумен 85 миллиард теңге сомасына 25 инвестициялық жобаны пайдалануға беру жоспарлануда.

Бөлшек тауар айналымының көлемі 8,0 % - ға өсіп, 1,9 трлн. теңгені құрады.

Соңғы бірнеше жылда Астана шағын және орта бизнестің үлесі бойынша көшбасшы болып тұр.

Ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында бұл көрсеткіш 73%-ды құрады, бұл орташа республикалық мәннен 2 есе көп (ҚР - 36,4%).

Бүгінгі таңда елордада 229 мың шағын және орта бизнес субъектісі жұмыс істейді, оларда 500 мыңнан астам адам қызмет етеді. Бұл елорданың экономикалық белсенді халқының 73 %-ын құрайды.

Халықты жұмыспен қамту бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Жұмыспен қамту шараларымен 23 мың адам қамтылған. 12 мың адам жұмысқа орналастырылды. Жұмыссыздық деңгейі 4,4 %-ды құрайды, бұл республикалық деңгейден 0,3 % - ға төмен.

Құрылыс қарқыны мен көлемін сақтау бойынша шаралар қабылдануда.

Жалпы ауданы 9,4 миллион шаршы метрді құрайтын 289 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде, жоспарлы түрде 3,8 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілетін болады.

Ағымдағы жылы 14 жаңа мектептің құрылысы аяқталуда (мемлекеттік - 11, жеке меншік - 3).

2027 жылға дейін 200 мың оқушы орнымен 80 мектеп салу жоспарланған. 18 жеке меншік балабақшаның құрылысы жүргізілуде. 15 Оқушы сарайының құрылысы жоспарланған.

Қаланың медициналық инфрақұрылымын дамыту шеңберінде 2024-2027 жылдары 15 денсаулық сақтау объектілерін салу жоспарлануда.

Сонымен қатар, Астана қаласы мәслихатының сессиясы қабылданып жатқан шараларға қарамастан, проблемалық мәселелер бар екенін атап өтті.

Қала шетіндегі инженерлік және көліктік инфрақұрылым объектілері, атап айтқанда «Агроқалашық» ГА-дағы нөсер кәрізі және жолдар, сондай-ақ Абайдың 150 жылдығы көшесіндегі жолдар қанағаттанарлықсыз жағдайда. Келесі жылға арналған бюджеттік өтінімдерде осы бағыттағы жұмыстарды жүргізуге арналған шығыстарды ескеру қажет.

Елордалық мәдениет саласын дамытуға ерекше назар аудару керек. Қалалық кітапханалардың жұмысын жаңғырту және қайта пішімдеу жөнінде шаралар қабылдау қажет, олар әртүрлі топтағы адамдарды тартудың және шығармашылық идеяларды қалыптастырудың, пікір алмасудың орталығына айналуы тиіс. Сондай-ақ, қаланың қанағаттанарлықсыз жағдайда тұрған мәдени объектілерін материалдық-техникалық жарақтандыру мәселесі өткір түр. Елордада дарынды мәдениет қайраткерлерін анықтау бойынша имидждік мәдени жобалар жоқ (мысалы, «Шабыт», «Жас Қанат» және т.б. сияқты).

Спорт объектілерінің көп бөлігі жөндеуді, материалдық-техникалық жарақтандыруды қажет етеді, бұқаралық спортты дамыту арқылы салауатты өмір салтын насихаттауда жүйелі тәсіл жоқ, нәтижесінде осы салада жоғары нәтижелерге қол жеткізілмейді.

Астана қаласы әкімдігінің медициналық мекемелерінің кредиторлық берешегі проблемасын шешу қажет, өйткені, соның салдарынан ауруханаларда халыққа толыққанды медициналық қызмет көрсетуге қаражат жоқ.

Қала экологиясы саласында бірқатар проблемалар бар, олардың шешіміне назар аудару қажет. Елордада су объектілері мен ауаның ластану деңгейі жоғары. Ауаның ластануының негізгі себептері автокөлік шығарындылары, ЖЭО шығарындылары, жеке секторларда жағылатын пештердің, өндірістік зауыттардың шығарындылары болып табылады, бұл ретте қалада электромобильдерге арналған автомобиль зарядтау станцияларының жүйесі дамымаған.

Астананы көгалдандыруда қаланың барлық аудандарын біркелкі көгалдандыруды, ағаштардың тамыр жайып кетуін арттыруды, қоғам мен

кәсіпкерлерді ағаштар отырғызуға және оларға күтім жасауға тартуды көздейтін жүйелі тәсіл қажет.

Ғимараттардың қасбеттерінің, елорданың түнгі сәндік жарықтандырылуының жай-күйі қала келбетіндегі әркелкілікті болдырмау және маңдайшалардың, кіреберіс топтардың, сауда объектілерінің, жарнамалық құрылымдардың сыртқы түрін безендіруде бірыңғай дизайн кодын қалыптастыру үшін егжей-тегжейлі зерттеуді қажет етеді.

Баяндалғанның негізінде, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласы әкімінің елорданың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы есебі назарға алынсын.

2. Астана қаласының әкімдігіне:

үш жылдық кезеңге мәдениет және спорт салаларын дамыту бойынша жекелеген кешенді жоспарлар әзірлеу;

Астана қаласы әкімдігінің медициналық мекемелерінің кредиторлық берешегі проблемасын шешу жөнінде шаралар қабылдау;

орындау мерзімдері мен шығындар көлемі көрсетілген Жол картасын қоса бере отырып, көгалдандыру, қоғамдық кеңістіктерді жөндеу, скверлер салу жөніндегі бірыңғай тұжырымдамалық құжат әзірлеу;

жоспарланған іс-шаралардың нәтижелілік индикаторларын көрсете отырып, елорда экологиясын жақсарту бойынша тұжырымдамалық құжат дайындау;

Астананы түнгі сәндік жарықтандыру бойынша 2023-2025 жылдарға арналған бірыңғай тұжырымдама мен кешенді жоспар әзірлеу;

«Агроқалашық» ТА-да нәсерлі кәріз және жолдар, сондай-ақ Абайдың 150 жылдығы көшесіндегі жолдар бойынша жұмыстарды жүргізуге арналған шығыстарды келесі жылға арналған бюджеттік өтінімдерде ескеру ұсынылсын.

**Астана қаласы
мәслихатының төрағасы**



Е. Каналимов